

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Өскемен қызмет көрсету саласы колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Усть-Каменогорский колледж сферы обслуживания»
управления образования Восточно-Казахстанской области

Ғылыми-зерттеу жобасының тақырыбы:

«Мәңгісің отыздағы арысы, Қаратайдың баласы»

Бағыты «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік»

ӨҚКСК 2-Т-45 тобы
студентінің ғылыми
жобасы
Жомартов Мухамед

Жетекшісі:
химия-биология
пәнінің оқытушысы
Исинева Д.О.

Өскемен ӨҚКСК 2016 г.

Мазмұны

Кіріспе	2
1. Негізгі бөлім:	3
2. Ирактағы бітімгершілік миссиясына қатысқан қазақстандықтар .	3
3. ҚР Қарулы Күштерінің сардары, ерлігі дастан- Қайрат Құдабаев.	3-5
Қорытынды	6
Қосымша	17
Әдебиеттер тізімі	18

Кіріспе

1) Ғылыми жобаның өзектілігі:

Өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, елін жерін қорғау, лаңкестікті болдырмау, оның алдын алу мақсатында, жалпы, әлемдік аренада еліміздің абыройын ілгерілетуде бітімгершілік қызметін атқарған тұлғаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

2) Зерттеу объектісі:

ҚР Қарулы Күштерінің сардары Қайрат Құдабаевтың өмірі мен жасаған ерлігі.

3) Ғылыми –зерттеу заты:

а) «Казбат» инжинерлік-сапёрлік бітімгершілік жасағы жұмысының маңызы».

4) Ғылыми жоба мақсаты:

Халықаралық міндеттемелерді орындауда, әскери-саяси ұстанымдарды, мүдделерді және жалпы алғанда әлемдік аренада еліміздің абыройын ілгерілетуде бітімгершілік қызмет жасаған ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отансүйгіштікке, ерлікке баулу, отты жылдардағы ардагерлерді құрметтеу.

5) Ғылыми-зерттеу әдісі:

- а) Жоба тақырыбы бойынша әдебиет таңдау және талдау;
- б) Ізденушілік әдіс;
- в) Мұрағаттық құжаттарды іздеу, батырдың туысқандарымен ақпарат алмасу.

1. Негізгі бөлім

1.1 Ирактағы бітімгершілік миссиясына қатысқан қазақстандықтар .

2003 жылдың 22 мамырында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Ирак халқына елді қалпына келтіруге көмектесуге шақырған резолюция қабылдаған болатын. Соған байланысты және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелеріне сәйкес, Қазақстан ел Парламентінің қаулысымен Ирактағы тұрақтандыру күштерінің құрамында бітімгершілік қызметке қатысу үшін "Қазбат" бітімгершілік батальонының инженерлік-саперлік бөлімшесі аттандырылды.

Халықаралық міндеттемелерді орындауда, әскери-саяси ұстанымдарды, мүдделерді және жалпы алғанда, әлемдік аренада еліміздің абыройын ілгерілетуде бітімгершілік қызметтің мемлекет үшін маңызы орасан зор болды.

Бітімгерлердің сапына үздіктердің үздігі, өз ісінің шеберлері алынатын болған. Бітімгершілік миссияларға жіберер алдында ұлттық контингентті даярлаудың практикалық (далалық) тәжірибесінен өткен жауыгерлер сараптап алынды. Операцияға шетелде арнайы дайындық курсынан өткен, сондай-ақ шетел тілін, яғни, ағылшын, түрік және басқа да тілдерді білетін жоғары білікті әскери қызметшілер тағайындалған.

Миссияның басталысымен ҚР Қарулы Күштерінің өкілдері 4 миллионнан астам жарылғыш затты жойды, 6718 текше метр ауызсуды тазартты. Қазақстан Қарулы Күштерінің нұсқаушылары 2005 жылдан, тәжірибе алмасу шеңберінде Ирак Әскери академиясының 572 курсантын сапер ісі мамандығына оқытты. Бұған қоса, Қазақстанның әскери дәрігерлері Американың "Дельта" базасының медицина тобына жұмылдырылып тұрды, онда жергілікті халық пен коалицияның лаңкестік әрекеттерден зардап шеккен 5000-нан астам өкіліне медициналық көмек көрсетілді.

2. ҚР Қарулы Күштерінің сардары, ерлігі дастан- Қайрат Құдабаев.

Осындай әлемдік маңызы зор миссияны атқарушылардың қатарында, жерлесіміз Қайрат Құдабаев та бар еді. Өкінішке орай, әскери борышын орындау барысында 2005 жылдың 9- қаңтарында жас жауынгер Қайрат Иракта Эс-Сувайра қаласы, Васит провинциясында кезекті тапсырманы орындау кезінде украиндық бітімгершілермен бірлесіп жоюға арналған заттарды түсіріп жатқанда жарылыс болып қаза табады.

Туыстары мен жақындарының өтінішімен Құдабаев Қайрат Төлеуханұлының денесі Астана қаласында жерленді. Батырдың денесі әскери сый -құрметпен Кувейт, Германия, Украина, Алматы, Қапшағай арқылы Астана қаласына мырыш табытта ұшақпен жеткізілді. (Қосымша 8.)

2016 жылдың 19 сәуірінде Алматы мен Қапшағайда Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері естелік шаралар өткізді. Әскери қызметшілер 32363 әскери бөлімінде орналасқан Қайрат Құдабаевтың мүсініне гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ бөлім аумағында қаза болған офицерді еске алу бұрышын ашты. ҚР ҚК Аэроұтқыр әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Алмаз Жұмакеевтің басшылық етуімен

Б. Момышұлы атындағы республикалық әскери мектеп-интернатында Қайрат Құдабаевты еске алу күні өтті. Онда «Бітімгершілер» фильмі көрсетіліп, опат болған офицерге арналған концерт өткізілді.

Мындаған бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, өзінің қаруластарын ажал аузынан аман алып қалып, батыл ерлік жасаған ҚР Қарулы Күштерінің сардары Қайрат Құдабаевтың ерлігі дастан болып қалады.

Ол Шығыс Қазақстан Облысы Қатон қарағай ауданы Белқарағай ауылында 1975 жылы сәуірдің 17-де қарапайым жанұяда дүниеге келген. Әкесі Құдабаев Төлеухан Құдабайұлы орта мектептің математика пәні мұғалімі, анасы Мынбаева Маулия Нуриевна ауылдық фелшер пунктінде медбике болып қызмет атқарған.

(Қосымша 1). Үлкен ағасы Сайран «Азиякотломаш» ЖШС бас инженер қызметін атқарады, «Ағасы бардың-жағасы бар дегендей» Бауыржан ағасы Қазақстан қарулы күштерінің полковнигі, апайы Мира журналист.

Жасынын зерек, алғыр, ақкөңіл бала бірінші сыныпты алғаш рет Согорное негізгі мектебінен бастады. Отанға деген патриоттық сезімді, сүйіспеншілікті Қайраттың бойына ұялатқан тұлға- атасы Ұлы Отан соғысының ардагері Қалмақпаев Нұрсағит.

1985 жылы Құдабаев Қайраттың жанұясы Катонқарағайға көшуіне байланысты 4- 8- сыныптарда В.И.Ленин атындағы мектепте оқыды. Мектеп қабырғасында барлық қоғамдық жұмыстарға қатысып, жеңіл атлетикамен шұғылданды, спортқа деген құштарлығы арта түсті.

1988 жылы ағасы Бауржанның Ленинград қаласындағы(қазіргі Санкт-Петербург) әуе-кеңістік институтының студенті атануы, ауылдағы үйіне қарама-қарсы орналасқан асханаға тамақтануға тоқтайтын шекарашылар Қайраттың бала кезіндегі арманына кәсіби әскери маман иесі болуға түрткі болғандай.

Таңдаудан өтуде және оқуға түсуде денешынықтыру негізгі роль атқаратынын түсіне отырып, Қайрат жеңіл атлетикамен шұғылданып, жақын және алыс қашықтықтарға жүгіріп жаттықты, мектептегі барық спорттық сайыстарға белсене қатысты.

1990 жылы Ленин атындағы орта мектептің 8-сыныбын тамамдап, Бауыржан Момышұлы атындағы Республикалық Алматы әскери училищесіне түседі, 1993 жылы оны ойдағыдай аяқтайды. (Қосымша 2).

Әскери мектепте Қайраттың жеңіл атлетикаға деген махаббаты мен қабілеті артты, Медеудегі қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

1993-1997 жылдарда Анкара қаласындағы «Кара Харп Окулу Түркия Қарулы Күштері Құрлықтағы әскерінің жоғары академиясында» оқиды. (Қосымша 3.)

ҚР Қорғаныс Министрлігінің жарлығымен лейтенент атағы берілді. 1998 жылы Қайрат Стамбул қаласындағы Әскери Қаржы училищесін

тамамдайды. Осы жылдан бастап Құдабаев Қайрат Төлеуханұлының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер құрамындағы офицер қызметі бойынша еңбек жолы басталады.(Қосымша 4.)

1998-2002 жылдарда Құдабаев Қайрат Төлеуханұлы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер құрамында әскери лауазымда жұмыс атқарып, 2002 жылы Иракқа жөнелтуге ұйымдастырылған көпұлтты халықаралық ұжымдық қауіпсіздік күштері бітімгершілік миссия орындаушы «Казбат» батальоны құрамына енеді.

2004 жылы маусым айында тыңғылықты дайындықпен офицер-аудармашы ретінде Иракқа бітімгершілік миссияларды орындауға жөнелтіледі.

Капитан Қайрат Құдабаев Қарулы Күштердегі қызметі барысында өзінің батылдығын, жауапкершілігі мен ерлігін көрсетті. (Қосымша 5,6,7.)

Ирак полициясының ірі қару-жарақ қоймасын анықтау жөніндегі операциясына Украина және Қазақстан жасағы қатысқан. Арасында 35 авиациялық бомба бар қару-жарақтар үш көлікпен арнайы орынға жеткізіліп, оларды түсіргеннен кейін қуатты жарылыс болған. Жарылыс салдарынан қазақстандық бір жауынгер қаза тауып, төртеуі жараланған. Сол сияқты, украиналық жеті жауынгер қаза болып, жетеуі түрлі деңгейде жарақат алған.

Әскери тапсырманы орындау кезінде қаза тапқан Құдабаев Қайрат Төлеуханұлы Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен бірінші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған.(Қосымша 9.)

2005 жылдың қорытындысы бойынша Құдабаев Қайрат Төлеуханұлына «Әскери жыл адамы» атағы берілді.

2016 жылдың ақпан айында Қайраттың құрметіне Катонқарағайда В.И.Ленин атындағы мектепте еске алу кеші өткізіліп, салтанатты сап түзеу жүргізілді, оқушылар арасында әскери-спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Қайраттың ағаларының бастамасы және әкімшіліктің қолдауымен жылда Катонқарағай ауданында волейболдан жастар арасында жарыстар ұйымдастырылып тұратын болды. Ағасы Бауыржанның және әкімшіліктің қолдауымен Қайрат оқыған мектепте мемориалдық тақта орнатылды.(Қосымша 10.)

Еске алу кешінде Катонқарағай ауданының әкімі Ахметқали Нұрғожин : «Біздің батыл жерлесіміз, өскелең ұрпаққа өнеге, келешекке тәрбие»- деді. Мемориалды тақтаның ашылуында алғашқы ұстазы Шарбат Тобылова сөз сөйледі: «Мен өз шәкіртімді мақтан тұтамын, ол әрқашан батылдығымен, мұқияттылығымен, жауапкершілігімен ерекшеленетін, өз жолдастарын оқ ұшқынынан сақтап қалғандығын естігенімде таңғалмадым»- деді.

Катонқарағай ауданында мемориалды тақтаның ашылу салтанатын Өскемен телеканалынан да хабарлады.

Құдабаев Қайрат Төлеуханұлының жанұясында аяулы жары мен 14 жастағы Амина, 11 жастағы Мадина қыздары қалды. Мадина әкесінің қазасынан кейін 3 айдан кейін дүниеге келген. Өрімдей қыздар әжесі мен атасының қуанышына, ақылды болып өсіп келеді. Олар өз әкелерін мақтан тұтады.

Бұл жұмысымды әлі де терең зерттеп, келешек ұрпаққа үлгі еткім келеді. Батыр ағаларымызды ешқашан ұмытпайық.

Қорытынды

«Ерліктің даңқы өшпейді!»

Бастысы елімізде ешқашан соғыс қантөгіс болмасын, тарихымызды біліп, Ирактағы тұрақтандырушы күштер құрамында бітімгершілік міндетін орындаған, әлемдік аренада еліміздің абыройын қорғап ерлік көрсеткен жерлес, рулас ағамыздың өмірбаянын біліп, дастан ерлігін жас ұрпаққа өнеге етіп, отты жылдарда ел тыныштығы, бейбітшілік үшін күрескен ағаларымызды, бабаларымызды мәңгі есте ұстайық.

«Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жауызымен қауышқан, әлемдік аренада еліміздің абыройын қорғап ерлік көрсеткен ағамыздың ерлігін жас ұрпаққа өнеге ету мен үшін мақтан. Жобамды қорытындылай келе сөзімді ақын ағамыз Мырзабек Қабыловтың өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

*Қазақ елі қастерлейді батырын.
Өшпейтұғын артыңда із қалдырдың.
Сарбаздарды қорғаймын деп оққа ұштың,
Мақтан тұтар сынығысың асылдың.
Жақсы әке, адал жар болар енді кім?
Қыршыныңда қиылды зой өмірің.
Қайрат сені ұмытпаймыз мәңгі біз,
Жадымызда сақталады ерлігің!
Жас ұрпаққа үлгі болып қаласың,
Дүбірлетіп Сарыарқаның даласын.
Қысып жатшы құшағыңа , Жер-Анам,
Жүрек жұтқан Қаратайдың баласын!*

Мырзабек Қабылов
10.01.2015ж. Астана қ.

Қосымша 1.

Құдабаев Төлеухан Құдабайұлы, ұлдары Қайрат- 6 ай және Бауыржан.



Қосымша 2.

Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы Республикалық әскери училищеде.



(Қосымша3.) Түркия Қарулы Күштері Құрлықтағы әскерінің жоғары академиясында.



(Қосымша 4.) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер құрамындағы офицер қызметі бойынша еңбек.



(Қосымша 5.) Ирактағы бітімгершілік миссия, оқ-дәріні іздестіру және жою.



(Қосымша 6.) Ирактағы бітімгершілік миссия орындау кезіндегі сурет



(Қосымша 7.) Ирактағы бітімгершілік миссия орындау кезіндегі сурет.



(Қосымша8.) Әскери сый- құрметпен Құдабаев Қайрат Төлеуханұлының денесін елге алып келу.

Зстр.

«ЛУЧ»

Есть такая профессия — служить Родине **Он любил жизнь**



Как уже сообщалось СМИ, при выполнении миротворческой миссии в Ираке погиб казахстанец капитан Кайрат Құдабаев. В Щучинске живет его брат Сайран, работающий в ТОО «Азиякотломаш» главным инженером. С ним встретился корреспондент «Луча».

полчан, но и солдат из других стран, в том числе и американских.

До окончания срока службы с миротворческой миссией оставалось всего семь дней. Родные, друзья — все ждали возвращения Кайрата. Ранее два миротворческих батальона казбатовцев вернулись из Ирака без потерь. Это меня успокаивало...

А вечером 9-го января — это было воскресенье — я был дома. Зазвонил теле-

бимого брата теперь нет. Через несколько минут телефон зазвонил снова. Это был звонок заместителя Министра обороны генерал-лейтенанта А. Б. Тасбулатова. Генерал подтвердил сообщение о гибели брата, выразил свое искреннее соболезнование. Но от этого легче не стало. Тем не менее я был благодарен за этот звонок, потому что увидел, что и Министерство обороны тяжело переживает гибель офицера из миротворческого батальона Казахстана.

Брата везли на Родину в цинковом гробу. Маршрут был долгий: Кувейт — Германия — Украина — Алма-

Это стало большой моральной поддержкой родным и близким. Спасибо всем, кто в тяжелую минуту был с нами.

Такую же поддержку я получил и в своем коллективе. Хочу выразить искреннюю благодарность руководителю предприятия Виктору Андреевичу Кондрашову за то, что он наше горе воспринял, как свое, за то, что нашел для меня нужные слова и оказал существенную материальную поддержку.

19 апреля Кайрату исполнилось бы 30 лет. У него осталась трехлетняя дочь Амина. Теперь ее мама Асем

— НАС БЫЛО ТРОЕ БРАТЪЕВ, — начал рассказ Сайран Төлеуханович. — Я в семье старший. Бауржан средний. Младшего, Кайрата, мы все очень любили за его добрый и открытый характер. Бауржан — кадровый офицер, служит в Минобороны в чине подполковника. С детства быть военным мечтал и Кайрат. Жили мы в приграничном городке в Восточно-Казахстанской области. Кайрат любил наблюдать, как маршируют пограничники. После восьми классов он



(Қосымша 9.) Қайрат Төлеуханұлы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бірінші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.



(Қосымша 10.)

2016 жылдың ақпан айында Катонқарағай ауданында Қайрат оқыған мектепте орнатылған мемориалдық тақта.



ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Асқар Туранбайұлы. Бітімгершілік миссияға 290 қазақстандық қатысты://Егемен Қазақстан.- 2015- 2 сәуір.-2б
2. Татьяна Альдина. Капитанская дочка:// Экспресс К.-2007-16 наурыз.-1б.
3. Интернет-сайттар: kaz.tengrinews.kz
[http://veteran-vko. s](http://veteran-vko.s)
4. Фотосуреттер тікелей Құдабаев Қайрат Төлеуханұлының ағасынан алынды.